

## Сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы (2006 жылғы 1 наурызға)

### Сақтандыру сыйлықақылары


Ағымдағы жылдың екі айында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2005 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемнен 27,9%-ке көп болып, 17 002,2<sup>1</sup> млн. теңге болды.

#### Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.03.2005ж.	01.03.2006ж.		1.03.2005ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
		Сомасы	Үлесі %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	13 289,8	17 002,2	100,0	27,9
Міндетті сақтандыру	1 444,4	1 792,5	10,5	24,1
Ерікті жеке сақтандыру	965,4	1 507,7	8,9	56,2
Ерікті мүліктік сақтандыру	10 880,0	13 702,0	80,6	25,9

*млн. теңге*

Кестені қарағанда 2006 жылғы 1 наурыздағы міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 24,1%-ке өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 56,2%-ті, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 25,9%-ті құрады.



<sup>1</sup> сомасы Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегерергенде, көрсетіліп отыр

<sup>2</sup> сомасы Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегерергенде, көрсетіліп отыр

2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары жөнінде келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандырудағы** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 69,5%-і (1 245,6 млн. теңге), қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 4,8% (86,1 млн. теңге) болды.

**ерікті жеке сақтандырудағы** - сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 39,6%-і (596,4 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан және аурулардан сақтандыру бойынша түскен, өмірді сақтандыру бойынша – 19,1%-і (288, 4 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша 7,4%-і (111,7 млн. теңге) болып келеді.

**ерікті мүліктік сақтандырудағы** - сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша – 35,4%-і (4 856,5 млн. теңге), шарт бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша – 26,3 (3 606,5 млн.теңге), мүлікті сақтандыру бойынша – 17,4% (2 388,8 млн. теңге), кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру бойынша - 3,2% (1 200,1 млн. теңге) болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.03.2005ж.		1.03.2006ж.		1.03.2005ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	үлесі %	Сомасы	үлесі %	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	13 289,8	100	17 002,2	100,0	27,9
Өмірді сақтандыру	128,9	1,0	400,0	2,4	3,1 есеге
Жалпы сақтандыру	13 160,9	99,0	16 602,2	97,6	26,1

**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 400,0 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 3,1 есе көп. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сыйлықақылардағы үлесі есепті күні 2005 жылғы 1 наурыздағы 1,0%-ке қарсы 2,4% болды.

**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2006 жылғы екі айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 16 602,2 млн. теңге болды, бұл 2005 жылғы осындай кезеңге қарағанда 26,1%-ке артық. "Жалпы сақтандыру" саласында негізгі үлес алатын сақтандыру сыныптары арасында мынадай сыныптарды атап өтуге болады:

"зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру" сыныбы –29,3% (4 856,5 млн. теңге);

«шарт бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша» - 21,7% (3 606,5 млн.теңге)

"мүлікті сақтандыру" сыныбы – 14,4% (2 388,8 млн. теңге);

"көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру" сыныбы – 7,5% (1 245,6 млн. теңге);

"кәсіпкерлікті тәуекелді сақтандыру" сыныбы – 4,5% (1 200,1 млн. теңге).

2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша өткен есепті күндермен салыстырғанда үлесі сақтандыру сыйлықақыларын жинау бойынша 65,1%-ті құрайтын 5 сақтандыру компаниялары-көшбасшыларының арасында бірқатар өзгерістер байқалды.


Олардың ішінде: «Еуразия» СК» АҚ-ы – 26,4%, «АТФПолис» СК» АҚ – 17,6%, "Қазақшетақандыру" КШС" АҚ – 9,0%, «Amanat Insurance» СК» АҚ – 6,4%, «Алматы халықаралық сақтандыру тобы»- СК» ААҚ - 5,7%.

2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ҚР резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру компанияларының жинаған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 15,9% (2 698,2 млн. теңге) болып отыр.

### Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 7 015,6 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 43,2 %-і болды. Бұл ретте резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 41,3%-і берілді.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.03.2005ж.		1.03.2006ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-пен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-пен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	6 450,4	48,5	7 349,1	43,2
резидент еместерге	4 548,1	34,2	7 015,6	41,3
резиденттерге	1 902,3	14,3	333,5	1,9



### Сақтандыру төлемдері

2005 жылы екі айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 9,6%-ке арта отырып, 1 933,4<sup>3</sup> млн. теңге болды. Сонымен бірге, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 4,9% (95,7 млн. теңге) болып отыр.

млн. теңге


Сақтандыру төлемдері	1.03.2005ж.	1.03.2006ж.		1.03.2005 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен Изменение по сравнению с 1.03.2005г., в %
		сомасы сумма	үлесі % доля %	
Всего, в том числе по:	1 764,5	1 933,4	100,0	9,6
Обязательному страхованию	545,6	849,2	43,9	55,6
Добровольному личному страхованию	206,5	204,3	10,6	-1,1
Добровольному имущественному страхованию	1 012,4	879,9	45,5	-13,1

1.03.2006 жылғы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша төлемдер 64,0%-ті (543,8 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша төлемдер 34,0% (288,8 млн. теңге) болды.

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің медициналық сақтандыру бойынша – 74,0%-ін (151,1 млн. теңге), жазатайым жағдайлардан және аурулардан сақтандыру бойынша – 18,7%-і (38,2 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 5,0% (10,3 млн. теңге) төлемдер болды.

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру бойынша – 34,1%-і (300,1 млн. теңгесі), кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру бойынша – 31,6% (278,3 млн. теңге), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 24,0% (210,8 млн. теңге) болды.



2005 жылдың екі айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 28,1%-і болды. Сақтандырудың осы сыныбы бойынша (сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына қатынасы) шығын коэффициенті 2005 жылғы 1 наурыздағы 44,6%-ке қарсы 43,7% болды.

2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша міндетті сақтандыру жөнінде жалпы алғанда шығын коэффициенті 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 37,8%-тен өсіп 47,4% болды.

Ерікті жеке сақтандыру сыныбы бойынша шығын коэффициенті өткен жылғы осындай күндегі 34,8%-ке қарсы 13,6% болды.

Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша шығын коэффициенті өсті және 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 8,0%-ке қарсы 6,4% болды.

Жалпы алғанда, есепті күнге шығын коэффициенті 11,4% болды.

#### Шығын коэффициенті

Сақтандыру қызметінің түрлері	Шығын коэффициенті, %-пен	
	1.03.2005ж.	1.03.2006ж.
Барлығы, оның ішінде:	14,5	11,4
міндетті сақтандыру бойынша	34,6	47,4
ерікті жеке сақтандыру бойынша по	34,8	13,6
ерікті мүліктік сақтандыру бойынша	8,0	6,4

#### Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 38 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 3 - өмірді сақтандыру бойынша, 4 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 12 сақтандыру брокері, 30 актуарий және сақтандыру ұйымының аудитін жүргізуге лицензиясы бар 36 аудиторлық ұйым лицензиялық қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.03.2005ж.	01.03.2006ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	34	38
резидент еместердің қатысуымен	6	6
өмірді сақтандыру бойынша	2	3
Сақтандыру брокерлерінің саны	6	12
Актуарийлер саны	30	30
Сақтандыру ұйымында аудит жүргізу құқығына лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың саны	34	36

Есепті күнге 31 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

**Капитал.** 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының есепті меншікті капиталының мөлшері 38 981,5 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күнімен (01.03.2005ж. – 24 756,6 млн. теңге) салыстырғанда 57,5 %-ке көп болды.

2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 1 сақтандыру ұйымы меншікті капитал жеткіліктілігінің пруденциалды нормативтерін орындамады.

31 страховая организация на отчетную дату являлась участником АО «Фонд гарантирования страховых выплат».

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	1.03.2005ж.		1.03.2006ж.		1.03.2005 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	үлесі %	Сомасы	үлесі %	
Жиынтық активтер	49 207,7	81,1	81 711,0	100,0	66,1
Міндеттемелер	18 838,6	38,2	31 694,7	38,9	68,2
оның ішінде таза сақтандыру резервтері	11 864,6	24,3	25 105,3	30,8	111,6
Басқа да міндеттемелер	6 974,0	13,9	6 589,4	8,1	-5,5
Меншікті капитал (баланс бойынша)	30 369,1	61,8	50 016,3	61,1	64,7

Есепті күнге резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық жарғылық капиталы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 2 210,3 млн.теңге немесе 4,8%-і болды, ал шетелдік капиталының үлесі төленген жарғылық капиталының жалпы сомасында 6,7% болды.

**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы 1 наурызда 81 711,0 млн. теңге болды, бұл 2005 жылғы 1 наурыздағы осындай көрсеткіштен 66,1%-ке көп, оның ішінде:

млн. теңге


Активтер	1.03.2005ж.		1.03.2006ж.		1.02.2005 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	үлесі %	Сомасы	үлесі %	
Ақша	3 965,9	8,1	3 949,3	4,8	-0,4
Орналастырылған салымдар	7 956,8	16,2	13 818,8	16,9	73,7
Бағалы қағаздар	24 839,8	50,5	37 346,3	45,7	50,3
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	5 236,3	10,6	8 877,2	10,9	69,5
Негізгі қаражат	1 749,0	3,6	2 093,5	2,6	19,7
Материалдық емес активтер	63,6	0,1	173,3	0,2	172,5
Басқа дебиторлық берешек	1 914,0	3,9	3 508,7	4,3	83,3
Басқа активтер	3 482,3	7,0	11 943,9	14,6	3,4 есеге
Активтер жиынтығы	49 207,7	100,0	81 711,0	100,0	66,1

Жалпы алғанда, 2006 жылғы екі айында сақтандыру ұйымдарының активтерінің сомасы 11,4%-ке (8 364,7 млн. теңгеге) өсті.


млн. теңге

Инвестициялық портфель	1.01.2006ж.		1.03.2006ж.		1.01.2005 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	үлесі %	Сомасы	үлесі %	
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	21 077,1	38,2	22 142,2	37,3	5,1
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	12 907,9	23,4	13 818,8	23,3	7,1
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	20 821,2	37,7	23 075,6	38,9	10,8
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	385,6	0,7	331,5	0,5	-14,0
Жиынтығы	55 191,8	100,0	59 368,1	100,0	7,6

Структура инвестиционного портфеля по состоянию на 01.01.2006г. (%)



Структура инвестиционного портфеля по состоянию на 01.03.2006г. (%)



2006 жылы екі айында сақтандыру ұйымдарының инвестициялық портфелі құрылымындағы ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 37,7%-тен 38,9%-ке дейін ұлғайды, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарының үлесі 23,4%-тен 23,3%-ке дейін кеміді, ал ҚР мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 38,2%-тен 37,3%-ке дейін кеміді.

**Міндеттемелер.** 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 68,2%-ке өсе отырып, 31 694,7 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 25 105,3 млн. теңге болды, бұл 2005 жылғы 1 наурызда қалыптасқан резервтер көлемінен 111,6%-ке артық. Есепті күндегі қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 14 792,2 млн. теңге болды.

### Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.03.2005ж.	01.03.2006ж.
<b>ЖІӨ, млрд. теңге</b>	7 300 <sup>2</sup>	8 676 <sup>3</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,18	0,20 <sup>4</sup>
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,42	0,58
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-те	0,67	0,94
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	886	1 133

<sup>4</sup> - 2005 жылға баға

<sup>5</sup> - 2006 жылға болжамды деректер

<sup>6</sup> - 2006 жылғы қаңтар-ақпан аралығында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

<sup>2</sup> - оценка за 2005 год

<sup>3</sup> - прогнозные данные на 2006 год

<sup>4</sup> - страховые премии, принятые за январь-февраль 2006 года